

**"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шаруашылық басқармасы"  
республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 шілде N 945

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шаруашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінң функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бір айлық мерзімде заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп Кәсіпорынның құрылтайшы құжаттарында оның қызмет аясын айқындасын;

2) Кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастырсын;

3) Кәсіпорынның жарғысын әзірлесін және бекітсін;

4) Кәсіпорынды тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*